

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**С. АМАНЖОЛОВ атындағы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

ЖҰМЫС НҰСҚАУЛЫҒЫ

**ТЕРРОРЛЫҚ АКТІСІН ЖАСАУ ҚАУІП ТӨНГЕН КЕЗДЕГІ ІС-
ҚИМЫЛДАРДЫ ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗГЕ ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫСТЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**

ШҚМУ ЖН 016-19

Екінші басылым

Көшірмелер № _____

**Өскемен қаласы
2019 ж.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

С. АМАНЖОЛОВ атындағы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТЕМІН

Ректор, профессор

М.Ә. Төлеген

2019 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЖҰМЫС НҰҚАУЛЫҒЫ 11	Бірінші басылым
ШҚМУ ЖН 016-19	Барлық беттер саны: 15
Террорлық актісін жасау қаупі төнген кездегі іс-қимылдарды және терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық	Енгізілу күні: «28» ақпан 2019 ж. Бірінші тексеру күні 2022 ж. Тексеру ұзақтылығы 3 жыл

ДАЙЫНДАҒАН:

Еңбекті қорғау, АҚ және ТЖ штабының жетекшісі

Ж.Б. Жумажанов

КЕЛІСІЛДІ:

Сапа бойынша басқарма өкілі

И.В. Ровнякова

Шаруашылық департаментінің директоры м.а.

Е.М. Рахметилдаев

Сапа менеджменті, мониторинг және болжау бөлімі бастығының м.а.

М.А. Ордабаева

Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі бастығы м.а.

А.К. Чудобаева

Заңгер кеңесші

Д.М. Раева

Маз

МҰНЫ

1	Жалпы ережелер.....	4
2	Нормативті сілтемелер.....	4
3	Терминдер мен анықтамалар.....	4
4	Қысқартулар мен түсініктемелер	5
5	Меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілер басшыларының немесе өзге де лауазымды адамдарының міндеттері....	6
6	Жарылу қондырғысына ұқсас күдікті затты тауып алған кезде	6
7	Телефон қоңырауы арқылы лаңкестік қаупі төнген кезде	7
8	Лаңкестік сипаттағы қаупі бар жазбаша түрде хабар түскен кезде	8
9	Объектіде террорлық акті қаупі жасалған кезде	9
10	Басқа да төтенше жағдайлар туындаған кезде.....	11
11	Өзгерістер.....	11
12	Келісу, сақтау және тарату	12

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы террорлық актісін жасау қаупі төнген кездегі іс-қимылдарды және терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі Нұсқаулық (ары қарай - Нұсқаулық) «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті» шаруашылықты жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының (ары қарай - Университет) төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдары және болатын іс-шараларды өткізу үрдісіндегі жағдайда, адамдар денсаулығы мен өмірін сақтау бағытында, мүмкіндігінше террорлық актілердің аз болу сипатында, құқық қорғау органдарының қылмыстық акцияларды тергеуге болысу және де жағдайды қамтамасыз ету үшін әзірленді.

1.2 Осы Нұсқаулықта өткізілетін барлық іс-шараларды проректорлар, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, құрылымдық бөлімшелер жетекшілері бақылайды.

1.3 Нұсқаулық университеттің барлық ПОҚ, қызметкерлері, студенттері және жұмысшылары міндетті түрде орындауы үшін.

2 Нормативті сілтемелер

2.1 Осы нұсқаулықта келесі нормативті құжаттамаларға сәйкес пайдаланылды:

2.1.1 1999 жылғы 13 шілдедегі №416-І «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

2.1.2 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

2.1.3 «Терроризм актісін жасау қаупі төнген кездегі іс-қимылдарды және терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі нысандардағы басшылар мен жұмысшыларға арналған әдістемелік нұсқамасы».

3 Терминдер мен анықтамалар

3.1 Осы нұсқаулықта нормативті құжаттамаларға сәйкес келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылды:

Адамдар көп жиналатын объектілер – сауда алаңы 500 және одан да көп шаршы метр болатын сауда объектілері, 100 және одан да көп отыратын орны бар қоғамдық тамақтану объектілері; көп адамдардың келуіне арналған немесе дайындалған, бір мезгілде 200 және одан да көп адамның болу мүмкіндігі бар, өздеріне жапсарлас ашық аумақты қоса алғанда, концерт залдары, спорт, ойын-сауық, көлік және өзге де көпшілік ғимараттары, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары, туристерді орналастыру орындары;

Кепілге алынған адам – кепілге алынған және (немесе) ұсталған адамды босату шарты ретінде мемлекеттік органды, жергілікті өзін-өзі басқару органын

немесе халықаралық ұйымды қандай да бір іс-қимыл жасауға немесе қандай да бір іс-қимыл жасаудан тартынуға мәжбүрлеу мақсатында кепілге алынған және (немесе) ұсталған жеке адам;

Терроризм – күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы;

Терроризм актісі – адамдардың қаза табу қаупін төндіру, едәуір мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де салдарлардың туындау қаупін төндіретін жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де іс-әрекеттер жасау немесе жасаймын деп қорқыту, егер бұл іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың шешімдер қабылдауына әсер ету мақсатында жасалса, сондай-ақ нақ сол мақсаттарда адам өміріне қастандық жасау, сол сияқты мемлекет немесе қоғам қайраткерінің мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында оның өміріне қастандық жасау;

Терроризмге қарсы операция – адам күшін, қызметтік иттерді, жауынгерлік және өзге де техниканы, қару мен арнайы құралдарды пайдалана отырып, терроризм актісінің алдын алу, жолын кесу, террористерді, жарылғыш құрылғыларды зиянсыздандыру, жеке тұлғалар мен ұйымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі, сондай-ақ терроризм актісінің салдарларын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі арнайы іс-шаралар кешені.

Террористік тұрғыдан осал объектілер – аса маңызды мемлекеттік, стратегиялық объектілер және стратегиялық маңызы бар экономика салаларының объектілері, қауіпті өндірістік объектілер, адамдар көп жиналатын объектілер, олардың тізбесін және оларға қойылатын тиісті талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

4 Қысқартулар мен түсініктемелер

СМЖ	Сапа менеджмент жүйесі;
СБӨ	Сапа бойынша басқарма өкілі;
СММжББ	Сапа менеджменті, мониторинг және болжау бөлімі;
ҚҚжББ	Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі;
ҚБЖ	Құрылымдық бөлімшелер жетекшісі;
ҚР ШҚМУ	Университеттің құжаттамалық рәсімдеуі;
ЖН	Жұмыс нұсқаулығы;
ПОҚ	Профессорлық оқытушылық құрам;
АҚ	Азаматтық қорғаныс;

ТЖ

Төтенше жағдайлар.

5 Меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілер басшыларының немесе өзге де лауазымды адамдарының міндеттері

5.1 Меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілердің басшылары немесе өзге де лауазымды адамдары террористік іс-әрекеттің алдын алу, сондай-ақ объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы және олардың қауіпсіздігінің тиісті деңгейін сақтау мақсатында:

1) тиісті өткізу режимін, объектілерге қойылатын талаптарға сәйкес оларды қазіргі заманғы инженерлік-техникалық күзет жабдықтарымен жарактауды қамтамасыз ету;

2) үлгілік паспорттың негізінде – өздеріне сеніп тапсырылған объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы паспортын әзірлеу;

3) персоналды үй-жайларды қарап тексеру техникасына үйрету, жарғыш құрылғылардың орнатылуы мүмкін орындарды анықтау бойынша профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларын өткізу;

4) жасалған терроризм актісінің салдарынан туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлескен іс-қимылдарды жоспарлау мен пысықтау;

5) объектінің ақпараттық желілерін қорғауды, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруға міндетті.

Терроризм актісі жасалған жағдайда меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілердің басшылары және (немесе) қызметкерлері жасалған терроризм актісі туралы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына немесе ішкі істер органдарына дереу хабарлауға және персоналды эвакуациялауды қамтамасыз етуге міндетті.

5.2 Тиісті іс-шараларды іске асыру мақсатында меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілердің басшылары немесе өзге де лауазымды адамдары қажетті қаржыландыруды көздеуге міндетті.

5.3 Меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілер басшыларының немесе өзге де лауазымды адамдарының аталған міндеттерді орындамауы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

6 Жарылу қондырғысына ұқсас күдікті затты тауып алған кезде

- орын алған жағдайлар бойынша басшының нұсқауымен немесе өз еркінізбен құтқару қызметінің «112» немесе полицияның «102» нөмерлері арқылы нысан атауы, мекен-жайын және табылған заттың уақытын көрсете отырып хабарлаңыз;

- табылған күдікті затқа тиіспеу, жақындамау, орнынан қозғамау! Затқа жақын жерде шылым тартпау, радио, соның ішінде ұтқыр байланысты пайдаланудан тартыну;
- қауіпті аумақты радиусы кем дегенде 100 метрге дейінгі жерді адамдардан босату;
- құқық қорғау органдарының өкілі келгенге дейін күту, күдікті зат жатқан жерді, ол табылған уақыт пен жағдайды көрсету;
- күдікті затқа және қауіпті аумаққа мүмкіндігінше күзетті қамтамасыз ету;
- дүрбелең тудырмау. Қауіпті аумаққа жанасып тұрған жерлерден адамдарды көшіруді қамтамасыз ету (көмекті қамтамасыз ету);
- бұдан әрі қарай құқық қорғау органы өкілінің нұсқауы бойынша әрекет ету;
- жарылыс қауіпі туралы дүрбелеңге жол бермеу үшін оны білуге тиісті адамдардан басқа ешкімге хабарламау;
- объектіге тексеру жүргізу, қызметшілердің қажетті санын білу және оларға өзін-өзі ұстау тәртібі туралы (неге назар аудару керектігі және қауіпті зат табылған немесе қауіп төнген кезде қалайша іс-әрекет ету туралы) ақыл-кеңес беру үшін, жұмысшылардың қажетті санын бөлу;
- объект қызметшілеріне бөгде адамдардан қандай да бір зат пен бұйымды сақтауға қабылдауға тиым салынғандығы туралы ескертіп отыру;
- жарылыс қондырғысына ұқсас заттың сыртқы түрін суреттеуге дайын болу;
- зат көп адамдар жүруі мүмкін жерлердегі қалтарыстарда, жарылыс және өрт қауіпі бар орындарда, әртүрлі коммуникация орналасқан жерде: сөмке, орам, пакет және т.б. түрінде жатуы мүмкін. Ол сыртқы түрі бойынша жарылыс қондырғысына (гранат, мина, снаряд және т.б.) ұқсас болуы мүмкін; және өткізгіш жіп, арқан, изолянт, жабысқыш түрінде жатуы мүмкін; сағаттың шықылдауы, механикалық гүріл, өзге дыбыстар естілуі; бадамның немесе өзге таныс емес иістің шығуы мүмкін;
- күдікті затты күзеткен кезде мүмкіндігінше қорғауды қамтамасыз ететін заттар (ғимараттың бұрыштары, дінгек, жуан ағаш, автомашина және т.б.) тасасында тұрып, бақылау жүргізу қажет.

7 Телефон қоңырауы арқылы лаңкестік қауіпі төнген кезде

- қоңырау соғып тұрған адамды тыңдап, оның сөйлеу ерекшеліктерін бақылап және естілетін шуды тыңдап, нақты ақпарат алғанша, оның кім екенін және ниетін, ойын анықтағанша мүмкіндігінше әңгімелесіп қоңырауды созуға тырысу керек;
- сөйлесіп болғаннан кейін жасырын телефон қоңырауы түскен уақытты сақтап қалу үшін, тұтқаны телефон аппаратының қасына 10-15 минутқа қойыңыз;

- жасырын хабарламаның мазмұны, уақыты, қоңырау түскен телефон және жасырын қоңырау шалған адаммен сөйлескен тұлға көрсетіліп, бұл факт туралы басқа телефон аппаратынан (тым болмаса жасырын телефон қоңырауы түскен телефоннан) кезекші қызметтерге хабарлаңыз;

- орын алған жағдайлар бойынша басшының нұсқауымен немесе өз еркіңізбен құтқару қызметінің «112» немесе полицияның «102» нөмерлері арқылы нысан атауы, мекен-жайын және табылған заттың уақытын көрсете отырып хабарлаңыз;

- содан кейін құқық қорғау органының қызметкерлері келгенше, ғимараттың ішіндегі тұлғаларды эвакуациялау бойынша шаралар қолданады. Сонымен қатар эвакуацияланған тұлғаларға Азаматтық қорғаныс бойынша жоспардан тыс жаттығулардың өткізілуі туралы ақпарат жеткізеді. Эвакуациялау кезінде эвакуацияланғандардың ішінде жарылғыш құрылғысы салынғандығы жөнінде айтқан тұлғаларға көңіл аударылады.

- құқық қорғау органының қызметкерлері келген кезде оларға жасырын хабарламаның авторын анықтауға көмек көрсетеді.

8 Лаңкестік сипаттағы қауіп бар жазбаша түрде хабар түскен кезде

Ұйымға жазбаша түрдегі қауіп почта арнасы арқылы, сондай-ақ әртүрлі жалған материалды анықтау нәтижесінде (хат, жазба, дискетке жазған ақпарат және т.б.) түсуі мүмкін.

Ескерту (алдын алу) шаралары:

- жазбаша түскен бүкіл өнімді экспедиция мен секретариатта (хатшылар) мұқият тексеру, магнитті таспаларды тыңдау, дискеттерді қарауы тиіс;

- бандерольдерге, сәлемдемелерге, ірі орамдарға, қаптама орамдарға, оның ішінде жарнама проспектілеріне ерекше назар аудару қажет.

- тексеріс мақсаты - лаңкестік акті қауіпі туралы ықтимал хабарды байқаусызда жіберіп алмау.

Күдік туғызуға тиіс хаттар (бандерольдер) белгілері:

- кездейсоқ хат - хабар;

- кері мекен-жайы жоқ, мекен-жайы қате, мекен-жайды жазудағы дәлсіздік, баратын жер қате көрсетілген;

- салмағы, көлемі, түрі бойынша стандартқа сай емес, бүйірлері тегіс емес, жабысқақ таспамен желімделген;

- "жеке" және "құпия" үлгісіндегі шектеулер;

- тосын иісі, түсі бар, конверттерде почта жолдамаларына тән емес заттар білінеді (ұнтақ және т.б.);

- тиісті маркалары немесе почта бөлімшелерінің мөртабаны жоқ.

9 Объектіде террорлық акті қауіпі жасалған кезде

9.1 Егер Сіз объекті ішінде күдікті затты анықтасаңыз:

- табылған зат туралы әкімшілікке хабарлаңыз.

Барлық айтылған жағдайларда:

- табылған затқа тиіспеңіз, ашпаңыз және қозғалтпаңыз;

- заттың табылған уақытын жазып алыңыз;

- адамдар қауіпті нәрседен алшақ тұратындай жағдай жасаңыз;

- міндетті түрде жедел тергеу тобы келгенше күтіп тұрыңыз, Сіз ең маңызды көрген адам екендігіңізді ұмытпаңыз.

9.2 Адамдарды кепілге алудың әрбір нақты жағдайы өзгеше және басқалардан ерекшеленеді.

Сонымен қатар егер сіз кепілге алынсаңыз:

- өз-өзіңізге мүмкіндігінше жылдам келіңіз, тынышталыңыз және үрейленбеңіз;

- егер өзіңізді байлап немесе көзіңізді жапса, бойыңызды еркін ұстауға тырысыңыз, терең тыныстаңыз;

- болуы мүмкін қатаң сынаққа жеке адами, моральдық және эмоционалды тұрғыда дайын болыңыз. Осы ретте адамдарды ұстаудың көптеген жағдайларында кепілге алынғандардың тірі қалғандығын есте сақтаңыз. Сізді босату үшін құқық қорғау және арнайы органдары кәсіби шаралар қолданып жатқанына сеніңіз;

- егер қашып кете алатыныңызға толық сенімді болмасаңыз, қашуға тырыспаңыз;

- террористер туралы мүмкіндігінше көбірек ақпаратты есте сақтаңыздар. Олардың санын, қарулану дәрежесін мақсатқа сай белгілеу, дене бітіміне, сөйлеу акценті мен тақырыбына, темпераментіне, өзін ұстау мәнеріне және т.б. сыртқы пішінін сипаттайтын ерекшеліктерге көңіл аудара отырып, барынша толық кескінін жасау. Жан-жақты ақпараттың соңынан террористердің жеке бастарын анықтауда көмегі тиеді;

- әр түрлі белгілер бойынша өзіңіз отырған (қамалған) орынды анықтауға тырысыңыз;

- мүмкіндігінше терезелерден, есіктерден және адам ұрлаушылардың өздерінен алысырақ, яғни құқық қорғау органдары белсенді шаралар қабылдаған жағдайда (үй-жайға шабуыл, мергендердің қылмыскерлерді көздеп атуы және т.б.) неғұрлым қауіпсіз жерге орналасыңыз;

- ғимаратқа шабуыл жасаған жағдайда қолды желкенізге қойып, еденге етпеттеп жатуды ұсынады;

- егер шабуыл жасаған және басып алған кезде Сізбен әдепкіде (Сіздің жеке басыңызды анықтағанға дейін) ықтимал қылмыскер ретінде бірқатар дөрекі іс-әрекетке барса, ашуланбаңыз. Сізді тінтуі, қолыңызға кісен салуы, байлауы, эмоционалдық немесе жеке басыңызға жарақат жасауы, тергеуге алуы мүмкін. Бұл тәрізді жағдайларға түсіністікпен қараңыз, шабуылдаушылардың мұндай

әрекеттері (барлық адамды түпкілікті сәйкестендіргенге және шынайы қылмыскерлерді анықтағанға дейін) дәлелденген.

9.2.1 Адамды ұрлаушылармен өзара қарым-қатынас:

- агрессивті қарсылық көрсетпеңіз, шалт және қауіп төндіретін қимыл жасамаңыз, террористерді өздері ойластырмаған іс-әрекеттерге итермелемеңіз;
- мүмкіндігінше адам ұрлаушылармен тікелей көзбен арбасатын байланыстан қашыңыз;
- бастапқыдан - ақ (әсіресе, бірінші жарты сағатта) адам ұрлаушылардың барлық бұйрығын және өкімін орындаңыз;
- пассивті ынтымақтастық позициясын ұстаныңыз. Сабырлы дауыспен сөйлесіңіз. Басып алушылардың ашу-ызасын тудыруы мүмкін дұшпандық рең мен іс-қимылға шақыратын жек көрушілік сезімін білдіруден қашыңыз;
- өзіңізді сабырлы ұстаңыз, бұл ретте өз абыройыңызды сақтаңыз. Үзілді-кесілді қарсылық жасамаңыз, бірақ өзіңізге өте қажетті жағдайда сабырмен өтініш жасаудан қорықпаңыз;
- аталған жағдайда қатты күйзелуден қозғалуы мүмкін денсаулық кінәратыңыз болса, бұл туралы өзіңізді ұстап отырған адамдарға сабырлы түрде жеткізіңіз. Қалыптасқан жағдайларды ескере отырып, біртіндеп өзіңіздің жай-күйіңізді жақсартуға байланысты өтініштер деңгейін арттыруға болады.

9.2.2 Кепілдік жағдайында ұзақ болған кезде:

- уайым, абыржу және асып-сасу сезімінің орын алуына жол бермеңіз. Алдағы сынақтарға өзіңізді ойша дайындаңыз. Ақыл-ой белсенділігін сақтаңыз;
- ашыну сезімінің пайда болуынан қашыңыз, ол үшін өз-өзіңізді сендірудің ішкі ресурстарын пайдаланыңыз;
- жағымды нәрселер туралы ойлаңыз және сондай жағдайларды еске түсіріңіз. Уақыт өткен сайын сізді босату мүмкіндіктерінің арта түскенін ойлаңыз. Сізді дәл қазір босату үшін барлық мүмкіндіктердің жасалып жатқандығына сеніңіз.
- өзіңізге тұрақты айналысатын бір іс (дене жаттығулары, кітап оқу, өмір туралы естеліктер және т.б.) табыңыз. Дене және интеллектуалдық іс-қимылдың тәуліктік кестесін белгілеңіз, оларды қатаң әдістемелік тәртіппен орындаңыз;
- күшіңізді сақтау үшін, тіпті ұнамаса және тәбетіңізді ашпаса да берген тағамның бәрін жеңіз. Осындай қысылтаяң жағдайда тәбетіңіз бен салмағыңыздың жоғалуы қалыпты құбылыс болып табылатындығына ден қойыңыз.

9.2.3 Егер сіз қауіпсіз жерге көшіру туралы ақпаратты жұмыс орныңызда естісеңіз:

- асықпай және дүрлікпей жұмыс құжаттарыңызды сейфке немесе кілтпен жабылатын үстел жәшіктеріне жинаңыз;
- өзіңізбен бірге жеке заттарыңызды, құжаттарыңызды, бағалы заттарыңызды алыңыз;
- ұйымдастыру техникаларын, электр құрылғыларын сөндіріңіз;

- есікті кілттеп жабыңыз және көшіру тәсілінде белгіленген бағытпен жүріңіз;

- ғимараттан шығыңыз және көшіру басшысының командасын орындаңыз.

10 Басқа да төтенше жағдайлар туындаған кезде

– төтенше жағдайлар туындағанда басшының, басқа да нысандағы жауапты тұлғаның нұсқауымен немесе өз еркіңізбен құтқару қызметінің «101» немесе «112» нөміріне арқылы нысан атауы және мекен-жайы көрсете отырып хабарлаңыз;

– эвакуация жолдарының жоспарына сәйкес, қажет болған жағдайда объектіден адамдарды көшіру іс-шараларын қабылдаңыз.

11 Өзгерістер

11.1. Нұсқаулыққа өзгерістер мен қосымшалар СБӨ рұқсатымен енгізіледі және оның қолы қойылып, өзгеріс туралы хабарлама түрінде құжатталады. Өзгеріс туралы хабарлау парағы белгіленген үлгіге сәйкес хатталады және осы ереже орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен қосымшалар ҚР ШҚМУ 001-13 талаптарына сәйкес енгізіледі. Сақтауға берілген нұсқаулыққа өзгерістер енгізу туралы хабарламаны әзірлеуші бөлімше шығарады. Нұсқаулыққа өзгерістерді ҚБЖ өзгерістерді және қосымшаларды тіркеу парағына белгілей отырып енгізеді.

11.2. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен қосымшаларды енгізу үшін СМЖЖББ және ҚБЖ жауапты.

11.3. Нұсқаулық тексерулердің мерзімділігін есепке алу парағына міндетте түрде белгілей отырып, ҚБЖ үш жылда кем дегенде бір рет қайта қарайды.

11.4. Нұсқаулыққа өзгерістер мен қосымшаларды енгізу үшін мыналар негіз бола алады:

- заң күші бар нормативтік-құқықтық актілерге жаңадан енгізілген өзгерістер мен қосымшалар;

- ректордың бұйрықтары;

- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;

- құрылымдық бөлімшелерді қайта құру;

- СБӨ рұқсатымен енгізілген өзгерістердің себебі көрсетілген ҚБЖ қызметтік жазбасы.

11.5. Ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгертілген кезде нұсқаулық ауыстырылуы керек.

11.6. Ауыстырылған жағдайда нұсқаулықтың күшін жоғалтқан университеттегі барлық даналар алынып, жаңасымен ауыстырылуы тиіс.

11.7. Ескірген нұсқаулықты алу және ауыстыру үшін ҚБЖ және СМЖжМББ жауапты.

11.8. Ескірген нұсқаулықта «Жойылды» деген белгі, жою негіздемесі, күні және «Жойылды» деген белгіні қойған тұлғаның қолы қойылып, мұрағатқа жіберіледі. Мұрағаттық құжаттар жұмысқа пайдаланылмайды.

12 Келісу, сақтау және тарату

12.1. Нұсқаулықты Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келісуді ҚБЖ жүзеге асырады.

12.2. Нұсқаулықты ҚБЖ әзірлейді.

Нұсқаулықта мыналар келіседі:

- сапа бойынша басқарма өкілі;
- шаруашылық департаментінің директоры;
- сапа менеджменті, мониторинг және болжау бөлімі бастығы;
- құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығы;
- заңгер-кеңесші.

12.3. Нұсқаулықты ректор бекітеді және жойылғанға дейін әрекет етеді.

12.4. Нұсқаулықтың түпнұсқасы құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінде сақталады және оның сақталуы үшін құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығы жауапты болады.

12.5. Құрылымдық бөлімшенің барлық жұмысшыларының нұсқаулықтың мазмұнымен жеке танысуы үшін ҚБЖ, кадрлар бөлімінің бастығы және құқықтық қолдау бөлімі жауапты.

12.6. Нұсқаулықтың есепке алынған жұмыс даналарын құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі таратады.

12.7. Нұсқаулықтың есепке алынған жұмыс данасының бөлімшеде сақталуы үшін ҚБЖ жауапты.

ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Өзгерту нөмірі	Өкімші құжатты (іс жүргізу) енгізу немесе өзгерту туралы нөмірі мен күні	Өзгертулер енгізу күні	Өзгерту енгізетін қызмет иесінің А.Т.Ә., лауазымы	Қолы

МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ПАРАҒЫ

Тексеру күні	Тексеру нәтижесі	Тексерушінің А.Т.Ә., лауазымы	Қолы